


деби
тәмударлар

ӘБИДЕХ МҰСТАФАЙХ МУРАДЫ ЕСТЕЛІКТЕР





ЖАҢЫЗДАР МУСТАГШЫ МУРАЛЫ ЕСМЕНІКТЕР



2005 жылдың 1-майы Алматы “Білім” 2005-00-7000 11/12

ББК 84(5Каз)
М86

*Күрастырған:
Жанар Фабиденқызы Мұстафина
Ахат Жақсыбаев*

M86 Фабиден Мұстафин туралы естеліктер. — Алматы:
“Білім” баспасы, 2005. — 224 бет+16 бет суреттер.

ISBN 9965-09-348-2

ХХ ғасырдағы қазақ одебиетінің абыройын асырып, мөртебесін биіктеткен классиктердің бірі, көркем сөздің ұстасы, тапқырлық пен шешендіктің нұсқасы, дархан дарын, алыптар тобының алтын діңгегі — Фабиден Мұстафин.

Кітапта жазушының азаматтық-жазушылық келбеті көзқөрген ізбасар інілерінің, сыншы-ғалымдардың, тұматастырының жылы лебізді естеліктерінен көрінеді.

Кітап көпшілік қауымға арналған.

М 4702250200
412(05)-05

ББК 84(5Каз)

ISBN 9965-09-348-2

© “Білім” баспасы, 2005



Мұхтар Әуезов:

...Осы жылдар ішінде Фабиден төрт роман жазыпты. Осы кітаптың алғашқысынан бастап соңғысина дейін бәрі де өз уақытында қазақ совет әдебиетінде және соңғы романы бүкіл одақ әдебиеті қолемінде қатардағы шығармалар ғана емес, елеулі, бағалы үлкен еңбектер бол қалыптанды. Осындағы бағаны жазушы ортасы ғана емес және бір қазақ оқушысы ғана емес, бүкіл одақ қолеміндегі одақтық оқушы айтты.

...Фабиден жазушылығының ерекшелігі — ол ең алғашқы жауапты қадамынан бастап арнасын, өз тақырыбын талғап тапқан жазушы.

Сәбит Мұқанов:

....Фабиденмен мен 1938 жылдан бері Алматы қаласында тұрып, бірге жасап, әлеуметтік, жазушылық істердің біразын бірге атқарып келеміз. Осындағы іс үстінде түсініскең де, түсініспеген де, кейде жақын, кейде алшақ жүрген күндеріміз де болды. Осы жағдайлардың қандайын болса да бастан өткерген күндерде де мен өзім Фабиденнің ісіне әрдайым жақсы бағамен қарайтын кісімін.

...Талантты, білімі, шеберлігі жеткенше, Фабиден шығармаларын аса ұқыпты және ойланып жазады, жазған шығармаларына шама-шарқынша көп еңбек сінірді.

Ғабит Мұсірепов:

...Фабиден Мұстафин осы дәүірдің ішінде қазақ совет прозасынан өзінің тиісті орнын алumen бірге әдебиетіміздің бетін бүгінгі өмірге бұруымызға да үлкен жетекші болды... Оның үстіне, жазушының ізденіс талаптары тұтас бір бағытта болғандықтан табысы да олқы емес. Фабиден типтерді де, типтік жағдайларды да өзіміздің шындығымыздан алып өсіп келеді.

Үлкен жүрек

“Ершойынды” мен елде жүргенімде, 1929 жылы интернатта мектепте директор-мұғалім кезімде оқығамын. Оған едәуір жыл болды. Оның авторының жаңа шығармаларын бірсыныра жылдан бері кездестіре алмағанмын.

“Қайда екен?”, — деп ойлайтынмын.

Міне, енді мен сол өзім сүйіп оқыған “Ершойынның” авторымен 1937 жылдың жазында Новосибир қаласында кездесіп отырмын. Бұл кездесуіміздің сәті былай түскен еді.

Тап сол жылы жазғұтуры институтты бітірдім. Сол тұста менің ақындық алғашқы кітабым “Қуат” басылып шықты. Институтқа дейінгінің өзінде-ақ аудандық, облыстық газеттерде жауапты қызметкер болып істеп келген мені Орталық Партия комитеті “Қазақ әдебиеті” газетіне редактордың орынбасарлық қызметіне үйғарды. Мен енді Қызылту ауданындағы әке-шешемді көшіріп әкелуге аттандым. Жол — Новосибир қаласы арқылы. Мұнда “Қызылту” атты қазақша газет шығады. Менің досым, институтты өзіммен бірге бітірген Толқын Байбатыров осы газетке қызметке жіберілген. Мен соған телеграмма бердім.

Адал дос, аққөніл Толқын поезд мамырлап кеп тоқтай бергенде вагонның артқы есігінен:

— Дихан! — деп аңқылдап кіріп, мені тауып, құшақтап жатыр.

Үйіне апарды. Мен жалғыз емеспін-ди. Эйелім Мертай, жездем Ақтай, жиенім Рузия бар — төрт адамбыз.

Алматы ыстығынан кейін, самалды Сібір қаласында кешкілікте көк құрақты көл жиегінде толқын лебіне көкірек тосқандай рахат сезінесін. Оның үстіне Өміштің (Толқынның әйелі) қазақи кең пейілі, орынды жүріс-тұрысы, бізді асқан бауырмалдықпен қабылдауы көнілге рахат сезім құяды. Екі-ақ бөлмелі үйінің төрі осы адамның адамшылығымен, алаңына ат шаптырым патша сарайындей, кеңіп сала берді. Төркіні келген қыздай көнілділікпен жаңынды жай таптырады. Барлы-жоғын білдіртпейді. Өйдегітінім жаңа ғана қызметке іліккен кешегі студенттің семьясы ғой бұл. Оның үстінде басқа республика — басқа қалада.

— Дихан, сен бізге соқпай кетсең арылмас өкпем болар еді. Әрине, сенің олай істемейтініңе сенетін едім, — дейді Өміш.

Толқын әйелінің бұл сезіне сонша рахаттанып қояды.

— Иә, бұл көксөқкан солай ғой! — дейді.

Өміш адамдығы мұндағы тұрған қазақ жолдастар семьясына да тез танылыпты. “Қызыл ту” газетінің редакторы Әбдірашит Шалабаевтың әйелі — қазіргі белгілі ақын Әмина және Зекен (Зейнел Мұстафина) тағы басқалар осы үйді Қазақстаннан келген жаңа шырақ көріп, күнде келіп, Өмішпен әңгімелесіп, отырып кетеді екен. Ия, Өміш үйятқы әйел. Көркінің ерендігі болмағанымен, жүргегінің терендігі, ақыл-ойының берендейгі бар келіншек.

Мен “Қызыл ту” рекдакциясына барып қайтып едім. Үйде алқызыл жүзді, сүйкімді әйел отыр екен. Бұл кісі кеше де келіп әйелдермен біраз әңгімелесіп кеткен екен.

— Бұл кісі, Зейнел жеңгей, Фабиден ағаның әйелі. Ол кісі осында Толқындармен бірге газетте істейді ғой! — деп таныстыруды Өміш.

— Фабиден аға! Ол кім? — Ойланып қалдым. — Баяғы “Ершойынды” жазатын Фабиден Мұстафин емес пе?

— Иә, сол Фабиден аға!

Дастархан жайылды. Шай іштік. Зейнел жеңгей ақжарқын адам екен. Алматы жайын күмарта сұрайды. Ел сағынған ананың жүрек лебінің ыстығын сезінесің... Ақырында:

— Көп отырып қалдым, келген шаруам Фабидолла (Бұздырбаев) сәлем айтты. КИМЛ-ді бітірді ғой әйелі де, өзі де. Некелесу тойы мен оқу бітіру екі тойларын өртеп біздің үйде өткізбек. “Тойымызда болсын, жүріп кетпесін, Дихан!” деді. Жүріп кетпендер, тойда болындар! — деді өз тілегін қоса бар ықыласымен.

Мен Мертайма да, жездеме де қарап едім, екеуі қосарлана:

— Болайық! — деді.

Сөйтіп өртепіндегі кеште тойлы үйге келдік. Кірпіш үй. Екі-ақ бөлме. Бізді той иесі Фабидолла өзі қарсы алды. Төртбақ денелі, қара торы жігіт екен. Аялы қара күрен көзінде естілік жатыр. Бидай өнді жас келіншек байсалды үнмен:

— Хош келдіңіздер! — деп қарсы алды. Фабидолланың келіншегі Гұлсім осы кісі екен. Екеуі КИМЛ-де бірге оқып, бірге бітіріпті.

Дастарқанды сары шашты, жатаған мұрынды, жалпақ бет сары кісі бастады. Үй иесі — Фабиден Мұстафин осы кісі екен.

— Үй болып көргенім бар, үя бұзып көргенім жоқ. Ұяларың бұзылмасын, Фабидолла мен Гұлсім! Менің осы бір шағын тілегім шалқар бақыттарыңа қанаттас болғай! — деді. Кітаптан кездестіретіндегі шап-шағын, тап-түйнақы,

ойы мол, оралтпасы аз сөз көкейінде бал тамызғандай үйитып түсті.

Жаңа семьяға жақсы тілектер бірінен соң бірі айтылып, рюмкалар да көтеріліп жатыр. Әбдірашит те, Толқын да, мен де құттықтау тілектер айттым.

Дастарқан толасы болды. Біз есік алдына көшеге шықтық. Сібірдің жазғы самал түні балбырап, терлеп-тепшіп үйден шыққан тойшылар жанына бейіш самалы бол еседі. Қаланың батыс іргесінен солтустік мұз мұхитына жүрдек ағып жатқан Обы өзенінің толқын шулары мына қоңыр түнде алыстан естілген алып қоңыраулар үніндей күнгірлеп дубір салады. Аспан бұлтсыз. Жұлдыздар ынтызар ғашық жырлар тәрізді алтын көздерімен жымындасады. Құс жолы қақ, тәбемізден аспан таңдайына төгілген ақ айран тәрізді солтустіктен оңтүстікке тартылып көлбейді. Әбдірашит пен Толқын екеуінің әңгімесі аспан мен жұлдыздар әлемі бол түр.

— Анау Темір қазық. Адаспау үшін соны солтүстігім деп біл. Көз жазба! — дейді Толқын.

— Қарияларша соғады екенсін?

— Жамбыл тәтем солай дейді. Біздің жетісудың дана жырауы сол кісі. Жүзге жасы жақындал қалды. Қазақ сөзінің айын аспанға шығарған Жамбыл менің айтып тұрғаным... Сен өй деме, Әбдірашит, мен сол ауылдікімін. Нансаң нан, наңбасаң өзің біл! Менің атымды молдаға қойғызбай Жамбыл тәтем өзі қойыпты. “Толқынбай” деп.

Бұл тұста Фабен (Фабиден) екеуміз әңгімелесе бастаған едік.

“Анам маған үлкенді сыйла деген,
Сол сөз маған ізгілік құйған ерен,
Үлкендерден ауысқан кішілікті,
Үлкендердің өзіне сыйға берем”, —

деп Мұқағали Мақатаев ақын айтқан тәрізді, сүйегіме сүттен біткен кішілік — әдеп мінезім бойынша сөзді Фабекен бастауды құтуде едім.

— Арманға алыстық жок, Дихан. Газет, журналдардан өлеңдерінді оқып жатам. Кітапша бере алдың ба?

— Осы жол сапарға шығарда ғана “Қуат” деген поэмам мен өлеңдерімнің тұңғыш жинағы шыққан, кітапша бол, Фабеке! Сізге біреуін жазып ала келіп едім. Ұялып бірден бере алмадым. Сіздің әйнектің көзінде, газетке ораулы түр.

— Оның тым сыртайыгершілік екен?

Мен үнсіз мойындағым.

Фабекен менің жайымды білгісі келді. Мен бұл күнге дейінгі шағын өмір жолымды айттым. Журналистер ин-

ститутын бітіріп, “Қазақ өдебиетіне” қызметке барғанымды, “Қызыл ту” ауданындағы көрі өке-шешемді Алматыға көшіріп әкелу үшін кетіп бара жатқанымды сөз еттім.

— Енді не жазып жүрсің?

— “Шалқыма” атты оқиғалы поэма. Жазып бітірдім де. Осыдан қайтқан соң Одақта оқылып, талқылануы болмак, Фабеке!

— Имм... Жақсы! Сәтті болсын, — деп ойланып қалды да, жүзіме тесіле қарап, — Тоқта, сен осы қай Әбілевсің? “Әдебиет майданы” журналында ана жылдары бір Әбілевтің “Сырлы шкафтың сырьы” деген әңгімесін оқып ем ғой. Оның аты Дихан болмаса керек еді...

— Иә, Фабеке! Оның аты Дихан емес, Әбдірахман. Сол Әбдірахман менмін!

— Қалайша? Псевдонимың ба?

— Өз атым.

Қазақ бала туғанда молда алдырып, азан шақыртып ат койдырады. Қошқарбай молда менің атымды “Әбдірахман” койған екен. Арада он бес-жыырма күн өткенде біздікіне Мәшһүр Жүсіп келіпті. Менің атымды сұрапты.

— Жоқ. Әбіл, Қошқарбай қойған ат бұл нәрестеге ат болмайды. Бері әкелші өзін, — деп мені өзіне жақыннаттырып алып, аузыма түкіріпті де, — бұның аты “Дихан!” — депті. Ол шағымдылық деген сөз.

Бұл жылы біздің елде — Баянауылда егін-шөп өте шығымды, мал күйлі болыпты. Содан мені біреулер Әбдірахман деп, енді біреулер Дихан деп атап жүрді. Алғашқы әңгімеме “Әбдірахман Әбілев” деуімнің себебі сол. Кейін, Мәшһүр қойған “Дихан” атқа ден қойдым.

— Өмірде болатын жәйт! — деді Фабекен.

Новосибирскінің Ленин көшесін бойлап батысқа, темір жол вокзалына қарай ұзап жүріп кетіппіз.

— Содан кейін көрінбей кеттің ғой?

— Иә, тек облыстық газеттерде өлең, оның өзінде де пәлен жылда бір ғана болмаса құнықпадым...

— Бекер! Бекер еткенсің! — деді.

Мен енді Фабекенің өзіне жабыстым.

— “Ершойыннан” кейін сізді де көре алмадым емес пе?

Фабекен тіпті бірер көше бойы үнсіз, ойлы, бетін алдына тік үстап, байсадды аяңдап келе жатты да, бір кезде:

— Дихан! — деді ағалық естілік үнмен, — Адам анадан біркелкі боп, бәрі де жалаңаш туғанымен, әркелкі боп өседі. Оны өмір, орта, кәсіп осылай жүйелейді. “Қараған өз жерінде үрілдейді” деген бар. Қызылордадан Карагандыға қайта

бардым. Қайнаған еңбекке қойып кеттім. Табаныма мөр, көніліме сыр бітті...

— Габеке, одан бері де бірсыныра жылының өтті емес пе?

— Оның рас, — деді Габекен, — бірак, мынаны түсінейік: жұрттың бәрі бірдей шынайы өмір сүре бермейді. Біреулер әншайін тіршілік құрады. Шын мағынасында өмір сүрген адам жүргіне дән жинайды. Сол дән күннен күнге толысып жетіледі де, рухани жемісін береді.

“Ершойыннан” кейін сегіз жыл. Содан бері “жетілмейтін неғылған дән?” Жүргіне дән жиып бітетін уақыты жетті емес пе? Әлде бұл кісіден ештеме шықпас па? Шығарма үшін жүрекке жинайтын дән — өмір сыры, адамдар психологиясы, өзгеріс, жаңа қатынас, құрылым — осының бәрін ауылда да, Қарағанды тәрізді алып өндірісте де өз басынан кешкен адам енді қалада, Новосибирскіде жүргегіне “дән жиып” жатқанына жол болсын? Не сез, не сыр?

Сойтіп, ол жолы түсіне алмай кеткен адамымның сырына 1940 жылы “Әдебиет майданы” журналында оның “Өмір не өлім” атты романы басылып шыққанда бір-ак түсіндім. Оқып шықтым да:

— Анада маған айтқан жүрекке жиған дәніңіздің берген жемісін оқып қуандым, Габеке! Е, бәсе! — дедім.

— Ұмытпаған екенсің гой, — деді. Басқа ештеме айтпады.

* * *

— Талант — жүректің сыры, — дейді Габиден.

— Жоқ, Габеке, талант жүректің ғана сыры емес, — дарын қазынасы. Талант сыры деген жүрек қазынасының сиқырлы мүлкі, — дейміз. Сөйтіп таласып қалып та жүрдік.

Отан соғысынан да, Қыыр Шығыс майданынан да аманесен оралған соң жазу ісіне құныға кірістім. Кейі сөтті, кейі сөтсіз өлеңдерді тоғыта жаздым. Отан соғысы оты ішінде жазған “Майданбегім” өз алдына, өлеңдерімнен “Жүректен” атты жинақ және шығардым. Ал Қыыр Шығыс ше? Алғашкы бір топ өлеңімді “Әдебиет майданы” журналына апарып едім.

— Біздікіне келші. Екеуміз оқыық! — деді Габиден.

— Құп!

Үйіне бардым. Өлеңдерімді оқыдым, ықылас қойып тындағы. Ақырында “Тұп-түгел басамыз бұларыңды. Қөргенің мен сезгенің, соған орай философиялық түйін принциптерің қонымды. Ұшуын ұшып, қонарын дәл таппайтын қанаттының ішінде қанғырмалары да болады.

Габекен осы ойларын енді тарқатып айтып отыр. Қыыр Шығыс біздің қазақ әдебиетінде жазылмаған, жырланбаған, тың жатқан тақырып еді. Мына өлеңдер көріп, біліп, түйіп жазылғандығымен өзінің көркемдігін алуан бояулап көркейте

түсіпті. Мұнда Шығыс бояуы — географиялық бедерлерімен ғана емес, қытай халқының тірлік сипаты, хал-ахуалы, ақыл-арманы, біздін елімізге, азаттыл армиямызға дән ризалығы, сүйсінуі, махаббаты ой тебірентеді. Оқушы сезімін ысытады. “Хинган”, “Кәрден кесе”, “Шарбат”, “Фарып”, “Азияның адырынан”, “Бұғы” т.б. өлеңдерін осыны айтады, — дейді Фабиден. Өзін мақтағанды кім жек көрсін, көнілденіп қалдым. Өзінің де, өзгениң де шығармасына қатал ағаның мұнысы алда туашақ жыр қанаттарымды желліп тастап та отыр.

— Әсіресе, “Россияға қайтқанда” деген өлеңің класикалық өлең. Менің нағымым солай, — деді Фабекен.

Мен Қыыр Шығыстан — Байкал соғыс округінде әскери қызметінен, сонау Хабаровск қаласынан дем алысқа келгенмін. Аз күнде қайтпақпын. Фабиден менің бұл жайларымды жақсы біледі.

Өлеңдерім туралы әңгіме біткен тәрізді еді. Бір кезде бетімे сындарлы жүзben қарап:

— Дихан, сен ақынсың. Сол ақындық өнерінді өлі сол соғыс тақырыбына сілте! Од біздің әдебиет үшін өте жанды дүние, соны дүние болмак! — деді.

— Дұрыс, Фабеке, өз ойым да сол!

Шай үстінде Фабекен жайымен отырып, тың әңгіме бастады.

— Гәп, бір сенің жаңағы өлеңдерінде емес, Дихан! Мен журналдың редакторлық міндетімше де, былайша да өлеңдерді көп оқымын. Ал...

Не айтпақ бұл кісі? Аз кідірді де былай деді:

— Пушкин мен Толстойдың орны бос түр деп орыстың үлкен әдебиетшілері айтқандай, бізде Абай орны бос түр-ау осы. Абай енгізген жаңалықты, өміршеш үшінші шынайылықты енгізе алдық па екен?

Мен үндемедім. Тыңдал алғым көп, артын күтудемін.

— Абай ерекше дарын. Оны құдіретті еткен ақындық шеберлігі. Шеберлікке құмарлық жетелейді. Меніңше өуестік пен құмарлық екі дүние. Абай құмарлығын қарашы:

— Өзгеге көнілім тоярысын,
Өлеңді қайтіп қоярсын.

Мұны менің саған тарқатып айтуымның қажеті жоқ. Өзің ақынсың. Ал осы құмарлық меніңше өлең өнерінде халық құмарлығынан, ел арманынан туып жатпаса жай бір нәрсе, ыстық қансыз салғырт та салқын нәрсе, жан жылтыпайды. Қайта, адамды бойкүйез етеді.

Оны айтқанда толғанып
Іштегі дерпті жоярсын, —

Абайдың өз ішінің ғана дерті емес, бүкіл халқының дерті. Құмарлық — арман халқының “іштегі” дертінің қайтсе жазылуы. Міне, Абай ақындығының құдіреті осыны шебер толғануында — деп білем.

Фабекеңнің бұл ойына таласар, дау айттар жөн жоқ. Бірак, кішілік сақтап, әрі әбден тыңда алғым кеп манадан шыдаған, айтпағым бар бір пікірімді енді бүгіп қала алмадым.

— “Пушкиннің, Толстойдың орны бос тұр-ау” — деген орыс әдебиетшілерінің, “Абай орны бос тұр-ау” деген, Фабеке сіздің, пікіріңзеге қосыла алмаймын. Таланттың бұл алыптары әрқашан өз орнында. Ешкім оларды орнынан түргышып жібере алмақшы емес. Мың-мың жылдар солай болмақ. Бұлардың туғыры биік-биік алтын шың. Ол шындарды құлату ешкімнің қолынан, ешбір таланттың өнерінен келмек емес.

Айтайын дегеніңіз, Фабеке, басқа шығар? Бізде Пушкин, Толстой неге жоқ? Бұтінгінің Абайы қайда? — деген шығарсыз. Талант та заман перзенті, заман сипаткері. Өз замандарының тендересін суреткерлері Лермонтов Пушкинше жазса Лермонтов болар ма еді? Чеховты Толстойша жазып Толстой бол десе, Чехов шығар ма? Ешбір ақын-жазушы ешбір ірі таланттың қоленкесі де, үқасы да болмасқа керек. Үқасы бола қалса ол машинка қағаздың бірінші беті емес, 2–3 беті тәрізді өзінсіздік — қошірме. Ірінің қоленкесі.

“Абайдан кейін жаңалық енгізе алдық па?” — дедіңіз, Фабеке. Әр заман талантты өз жылдарының алуанын толғанады. Абайдан кейін” қаранды қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам” мен “көкірегінде қызған темір жатқан Сұлтанмахмұтты, “Кел, қазақ кедейлері” мен “Альбатросты”, жазған азаттық жаршысы Сәкенді, “Майға сәлем”, “Колхозды ауыл осындейдай” жазған Сәбит Мұқановтың “Мен жазбаймын ешкімше де, Маяковскийше де” деуіне тағы бір рет үңілейік-ші! Әр ақын — өзі шын талант болса ешкімше де емес, өзінше, өзі жарып шығу керек. Осылардың бәрінің өлең-жырлары Абай жаза алмай кеткен, арман етіп өткен өмір жыры ғой. Келер ғасырлардағы жас үрпақ, жаңағы сіз айтқан Пушкин, Толстой тәрізді, біздің ғасырдың Маяковскийін, Шолоховын, Фадеевін, Твардовскийін, Сұлтанмахмұтын, Сәкенін, Сәбитін, Мұхтарын, Фабиденін талап етеді емес пе. Иә, ол сөзсіз!

Фабекең менің бұл ойларымды бастан-аяқ сабырлы тындауды да, ойлы отырып-отырып, орнынан тұрып кетті.

Бұл кісінің мінезі әрқашан солай-ды. Өзіне саларлық пікірді іштей парасаттап әбден толғанып алмай, көкірек

таразысына аптека безбеніндей дәлдікпен өлшеп бітпей өз байламын айтпайды. Асықпайды-ау, асықпайды. Мұнша сабыр-салмақтылықты тәнірім бір өзіне беріп-ак бақсан. Қызығасын!

* * *

Жылдар өтіп жатты. Менің творчестволық өмірімдегі календарьдың жаңа беті ашылатын 1963 жыл да кетті. Ал, Фабен (Фабиден) “Милионерден” кейін шындағы шұбар қырандай шабытты сілтеді. “Қарағанды”, “Дауылдан кейін” атты екі романын бірінен соң бірін жазып, қазақ әдебиетіне тақырып жағынан да, көркемдік жағынан да жаңа шырай енгізді. Прозамыздың бел-беделін бүкіл одақ көлеміне көтеріп тастады.

Нағыз реалист жазушының шебер суреткерлігі мен өмір сиріна салауаттылығын танытты. Фабекенің бұл екі романы көп прозаиктерімізді творчестволық толғанысқа жүгіндірді.

Ал, мен ше? Мен прозаик емеспін ол шақта! Өлеңдетіп жүрген ақынмын. Бірақ, осы бір үлкен жанрға әзірлігім де жоқ емес-ті. Ол менің “Алтай жүрегін” өлеңмен жазған романымнан, Некрасовтың “Русста кім жақсы тұрадысын?” аударуымнан басталып еді. Бұлар 1950—54 жылдар болатын. Сөйтіп, роман жазуға іштей өзімді әзірлей жүріп, “Ақын арманы” романымды жазуға бел байладым. Бес жыл бойы жанға айтпай да, көрсетпей де келген “Ақын арманын” ақыры жазып бітірдім де.

— Роман жаздым, Фабеке!

— Тағы да өлеңмен бе?

— Жоқ, прозалық...

— Бұл көптен жазбақ тақырыбым еді. Адалын айтсам, бірінші беттерін жаңа бастап жаза бастағанымда соғыс басталып кетті, майданнан оралған соң өлеңдетіп жүріп алдым. Сөйтіп жүріп, жарты ғасырды артыма тастап жіберіп-пін. Аз жасап, асыл мұра қалдырып, көп арманы көкірегінде кеткен ұлы ақын жайын жазуға бүкіл жас шағыммен, творчесвтолық арыммен борыштымын деп білүші едім. Сол туралы жаздым...

— Е, онда, Сұлтанмахмұт туралы болды ғой. Ауылдасы, жерлесі екенсің. Былтыр Қарағандыдан Баянауылдатып кайтқанымда Сұлтанмахмұт зиратын да, қыстауын да көрдім. Сенің Мойылдыңда да болдым. Білген адамың туралы жазу — көркем шығармаға ең керекті шарт. Ал оны көркемдеп үқсату — ең жауаптысы, — деді Фабен. Содан соң аз үнсіз отырып:

— Бабадан балаға, баладан үрпаққа Абай мен Сұлтан-махмұтыз қазақ әдебиеті, қазақ ақындығы көш тарта алмақ емесіне ден қою өз алdyna. “Абай”, “Абай жолы” көсегемізді көгерпті. Одан кейін сен... — деп тоқтап қалды. Сезем: “Мұнша батырлыққа қалай барып отырсың?” Не “Абай” романының, не Сұлтанмахмұт ақындығының қоленекесінде қалып қоймайсың ба?” “Бекер-ақ өүре болған жоқсың ба?” — деп қиналып отырған тәрізді.

— Нар тәуекелге бастым, Фабеке! Сізге оқып бергім келеді. Әуелі тындалап көріңіз.

Тап осы сәтте, манадан әңгімемізді жай тындалап отырған Зейнел жеңгей:

— Оқысың, тында! Диханның романына уақыт таппағаның болмас, Фабиден!

Жазушының әйелі есті болса жазу дүниесінің бейнетін, киямет ауыр еңбек екенінің бар жаңымен түсінеді. Өзі жаズбаса да күйеуінің қалам енбегінің ой-ми енбегінің сырын сезім дүниесімен сергек парасаттайды. Зейнел жеңгей өзімен айлас құрсақты құрысынан дүниеге жаңа перзент келуіне шын тілекtes жүкті анаша, мейіріммен айтты.

Ағамыз жеңгемізге күлімдей қарап:

— Мениң “шабандығымды” сенің шапшандағың үстеп... Ал, келістік, Дихан! Күнде осында, осы верандада сағат бестен жетіге дейін екі сағат оқытын болайық романынды. Ертеннен бастайық! Кел! — деді.

Фабиден Совминнің демалыс үйінің 2 дачасында тұрады. Мен тап осы демалыс үйіне тұспа-тұс өзеннің батыс жағасында “Алша” аталатын жерде — өз дачамда тұрам. Фабиденнен қуанып қайтқаныммен түнімен үйқым келмеди. Фабекеңнің мінезінің өз шығармасына да, өзгенікіне де қаталдығы есіме орала берді. Қалай болады?” “Несіне тілендім?..”

Фабен қызметтөн өлгі әзірде ғана келіп (жазушылар Одағының председателі бол істейтін), аз дем алып, мені верандасында күтіп отыр екен.

— Тәрле!

Ішім жылып, жерім кеңіп сала берді. Қолында қалам. Алдында ақ қағаз. Қәдімгі операцияға қайшысын әзірлеп отырған майдан хирургтері тәрізді көрінді маған. Жүрек тоқтаттым. Тәуекел!

— Ал, оқы!

“Буаз” папкамды ашып жатқанда-ақ маңдайымнан тер бүрк ете түсті. Сезімтал Зейнел жеңгей орнынан сызылып қана тұрып кетті. Фабен екеуміз ғана қалдық.

— Романымның аты “Ақын арманы”, Фабеке!

— Атында емес, затында. Оқы!

Арапша жазғанмын. Оқы деуі-ақ мұн екен, тек қана саусағынды тигізші деп түрған домбыра пернесіндей, заулата жонелдім. Даусымның қалай шыққанын да, оку мәнерімнің нешік екенін де білмеймін. Әйтеуір, төле жігерлі оқып отырмын. Фабен сағатына қарады да: “Бітті! — деді.

Екі сағатта не бары он жеті бет қана оқыппыш. Өйткені Фабен мені кідріте берді.

“Ана сөйлемің артық, мына бір жерің жетілмей жатыр”, “мына бір теңеуің ақындық лепіру”, “әне бір сөзді ол жерден алғып, әне бір жерге орналастыру керек. Сейтсөн түлей түседі”, “мына бір сез шығарма жүргегіне тән емес, жудеу тұр”, — деген тәрізді пікірлерін адым салдырмай, қолма-қол айтады. Қара тақтаға ақ бормен жазылған әріптей айқындаиды. Мен де сол беттің, сол жолдарына таңба соғам. Сөздердің, сөйлемдердің тұсына сұрау белгісін қоям. Немесе қолма-қол түзетем.

Ал Фабен ше? Маған айтқан пікірлерін өзінің алдында жатқан ақ қағазға түсіреді. Бұл маған жауапкершілікті мүлде арттыра тұсуді жүктеп отырған көрініс. Құлімсіреп те, күрсініп те қоям. “Мұнша қадалғыш, қаталға қайдан тілендім?” — деп те ойлаймын-ау деймін.

— Ертең тағы да бесте кел! — деді ақырында Фабен.

Бірінші тынысымды кеңіткен осы сез еді.

“Шығармам бар екен. Өз сенімім өзімді алдамаған екен. Жарайсың, Дихан”, — дедім ішімнен. Өйткені, менің мұным бос әурелік болса, қатал Фабен көңілге қарамас еді. “Жоқ екен, коя ғой!” дер еді. Немесе сыйайылап: “уақыттым жоқ, ренжіме, Дихан. Басқа біреуге тапсырайын. Сол оқып шықсын”, — дер еді.

Әдете көркем шығарманың табиғатын алғашқы бес-алты беттегі аяқ алысы-ақ танытады. Демек, бұл күнге дейін жи-ырма бес жыл қалам тербел, басқалардың жаңа туындыларына өзім де пікір айтып жүрген маған Фабекенің жаңағы сезі рахат сезім тудырды.

Сейтіл, мен содан былай Фабене романымның қолжазбасын (“Ақын арманының”) оқуға жүрексінбей, еркін, сенімді баратын қүйге ауыстым. Фабенің уәдеден таймайтын табандылығын, Мұқамбет шақырса да орынан тағжылмайтын тау тәрізді көргім келді. Әзәзілдің азғырындысына Фаустың да еріп кеткенін білеміз. Ал, Фабен ше? Жоқ. Оған мысалы: бір күні тағы да қолжазбамды апарып, бір сағаттай оқып отырған үстімізге демалыс үйінде жатқан Төлеген Тәжібаев пен Мәулен Балақаев келіп:

— Ал Фабе, сізге келдік. Сапырып жіберейік! Жүрініз! — деді. Мен “сапырып жіберейіндіктеріне” түсіне алмай қалып отыр едім.

— “Ала қағаз” уәдемнен қызық емес, Төлеген. Өздерің ойнай беріндер! — деді Фабен.

Фабен сол жылдары кейде преферанс ойнайтын болғанымен жаңағы екі бірдей беделді адамның шақыруын қабылдамады.

— Кейін оқисыз гой, Фабе, жүрініз! — дейді екеуі бірдей қиылып. Менде үн жок.

Фабен енді кесіп айтқысы келіп:

— Мен қазір өмір қызығына еніп кетіп отырмын. Бұл сәтте одан сырыйлып шыға аламаймын.

— Апыр-ай, Фабе!

— Апыр-ай, Фабе!

— Апыр-ай, Фабе!

— Қалайда болса сол! Күніне екі сағат Дихан романын өзіне оқытып тыңдауға уәде бергемін. Уәде — қаққан шеге, қатқан жартас болмақ керек! Түсінсендер, енді бір сағаттан кейін босаймын. Оған дейін уәдемнің “тұтқынымын”, — деді.

Фабенің мінезінің қайыспас та майыспас беріктігін бұрынғы білетінімнің үстіне осы “Ақын арманы” қолжазбамды оқу үстінде тіпті ғажап қалудамын.

Фабендікіне уәделі “сағат бестен” кешігіп келу деген менде болған емес. Ол кісі де соған өзір отырады. Тағы сол дачасының қабыргаларының пердесін өз қолымен түсіріп, есікті жауып, қулаққа ұрған танадай тыныштық жағдай жасайды.

Бүгінгі бір отырысымыздың орта шенінде Зейнел жеңгей:

— Фабиден, жүріндер! Дихан екеуіңе демалыс үйі асханасынан манты әкеп, столға жасап қойдым... Жүріндер! — деді.

Фабен:

— Енді бір сағаттан кейін!

— Суып кetedі ғой!

— Ас сусыса қайта жылтылады да ысиды. Шығарма сусыса шырық бұзылады. Диханға бөлген уақыттым ортаймасын.

Зейнел жеңгей зерделі адам, ар жағын айтпай түсінеді.

— Жарайды онда. Уақыттарынды алмайын! — деп биязы басып, ренішсіз, жарқын жүзбен, күлімсіреп шығып кетті.

Сөйтіп, менің романымды күніне кесімді екі сағаттан оқимыз. Таусылар емес. Аз оқып, көп кенесіп, көп оқып аз кенесіп дегендей, екі ай бойы бір тамаша сырластық,

творчестволық қандастықпен табысып кеттік. Екі айда үш бөлімін (400 бетін) әрен бітірдік. Сол күндердің бірінде тағы да бір жәйт болды. Ғабекеннің Қарағандыдан (үй ішімен) інісі демалысында қонаққа кеп жатқан-ды. Аттанар күні болыпты. Күндеңі белгілі сағатта қолжазбамды көтеріп кеп (папкам бұл кезде жінішкере бастаған. Өйткені оқылған жағын енді әкелмейтінмін), тағы да сол көк верандада оқып беріп отырмын. Шамасы қырық минут өткен уақытта Зейнел жеңгей машинадан түсіп, қолында көтерген бірсыпypyra бүйымы бар, веранданы басып етіп, арғы бөлмелеріне кірді де, аздан кейін қайта шықты. Бізге, үстел басына мамыр басып жақындал келді. Бізді алаң еткісі де келмейді, айтпасына да болмайтын жағдай екен. Мұдіріп, тамағын майда қырынып:

— Фабиден! — деді ақырын. Қалай болады... Қайным, келін балалар бәрі қазір жүреді ғой. Аэропортқа шығарысып салуымыз керек емес пе?

Мен оқуымды тоқтата қойдым. Фабиден әйеліне назар аударды.

— Өзің де жүріп шығарысып салғанымыз жән болар еді. Сен бармасаң көңілдеріне ауыр алып кетіп жүрер!

— Тай тулап үйірінен шықпас. Тұбі бірге тұтпейді, — деді Ғабекен.

— Сонда да! Алыстан келген ғой?!

— Мениң кіндіктесім екеу. Бірі сенің жаңағы айтып тұрған қайның. Мениң інім. Ол — алыс дегендे Қарағандыға барады. Екінші кіндіктесім — әдебиет. Бұл шынайы туыстық тапса ұзаққа сілтейді. Мүмкін ғасырларға! Мен осы соңғысымен қалайын. Сен шығарып сал оларды. Енді бір сағат, жырма минутсыз мен тапжылман! Білесің ғой... Содан соң ғана, — деп шегелеп айтты да, — үлгерсем үлгергенім, үлгермесем үзенгісін үзбей тебініп аттана берсін!

Міне, керемет мінез!

Мен қипақтап:

— Ғабеке, кейін оқырмыз. Ініңізді шығарып салыңыз! Сол жән! — деп едім.

— Босаңсыма! Көңілге қараша көрінгеннің қолынан келеді. Шартты бұзбау — шағын жандікі. Қиянатқа барыспайық.

— Қиянат ол қандай қиянат, Ғабеке?

Мен туған анамның дидарын көрмей, қызыл шақа шағымда жетім қалған адаммын. Оның үстіне әкем Әбіл кедей адам болған. Бірақ еті тірі, сергек, қасіретке де, жоқшылыққа да мойынамағам, қажырлы кісі, бетті кісі. Ал, мен өз басым қорғаншақ, жетім боп курсініп өстім. Адамға адам қайырымын тілейді жетім жүрегім. Талпына келе (бала

шағымда) “біреуге бір жақсылық етуге жарасам деген арманмен өстім. Бірақ ол күнде менің қолымнан не жақсылық келеді? Осы ақ ниет менің ержеткен шағымның да жүрек қаны еді. Мүмкін, мұнымды ұмытқан да шағым болса өмірден кешірім сұраймын. Эйтеур, күнде таңтерен тәсекте оянғанымда “Кеше кімге не жақсылық істедім? Бұғін қолымнан нендей қайырым келер екен” — деумен өмір сүріп келем.

Ал мен, өзім білген үлкен жазушы адамдарда Фабидендей табанды, әр ісіне, әр минутына жауапкер мінездіні кездестірген емеспін! Сондай болғың келіп, арман етесің! Ол — Абай айтқан “болмасаң да ұқсан бақ, бір ғалымды көрсөніз” — ау деймін. “Қиянатқа барыспайың?” дегені не бұл Фабенің? Менен не қиянат сезді?” — деп ойланған бергенімде, Фабекен:

— Уақытқа қиянат етпейік! Күніне екі сағат еді ғой уәдеміз?

Әбден түсінікті. Қуанып кеттім.

— Мен... — дедім де, айтартымды іркіп қалдым. “Оныңызға құлдық ұрсам!” демекші едім. Сөйтіп, күнде сағат бесте бастап, тек жетіде тоқтаймыз. Қай беттің қай жолына жетсек сол жер ол күнгі аялдамамыз. Белгі қоямыз. Ертең сол жерден бастап, ілгері аттаныс бастаймыз. Сөйтіп, сол жаздың екі айында “Ақын арманы” қолжазбасының торттен үш есесін оқып, еңсеріп келе жатқанымда Фабиденді Москваға шақырып, сонда жүріп кетті. Романым оқылып бітпей қалды...

Қап?

Алдағы халі нешік болар?

* * *

Фабиден сол сапардан қырқүйектің аяғында бірақ оралды. Дачамыздан біз де, демалыс үйінен Фабекен семьясы да қалаға көшіп келгенбіз.

Фабекенің Москвадан келгенін кеше естіп, Мертайға қуана айтқанмын. Бірақ Фабене әдейі хабарласа қоймадым. “Шаршап келген шығар. Тапсырмалар да алған шығар. Әуелі бабына келсін өзі. Содан соң...” — деп тізгінімді тежей берген едім. Ертеңіне телефон сылдыр етті. Таныс үн. Фабенің майда қоңыр сабырлы даусы.

— Амансыңдар ма? Мертай, балалар да бәрі жақсы ма?

— Келуіңізбен! — деп, одан соң амандығымызды айтып бола бергенімде:

— Басқа әңгімені кейін сейлесе жатармыз. Ертең сағат бесте кел. Аяқтап тастайық романынды!

“Шаршап келген шығарсыз, тынықпайсыз ба біраз күн? Содан соң оқысақ болмас па?” — демекші едім. Оған үлгертпеді:

— Темірді қызған кезде соқ. Ой сұымай тұрганда тындалап бітуім жөн! Сол үшін ертең сағат бес!

“Соқырдың тілегені екі көзі!” дегендей, айтылмыш сағатта қолжазбамды қөтеріп кіріп бардым. Фабекен сол жылы ғана Абай даңғылындағы 51/53 номерлі үйге жаңа пәтерге кірген. Үй келісті. Кірсөң шыққысыз. Кең залда, диванда дем алыш отырған Фабен мениң сәлемімді ықыласты қабылдап, өзінен жоғары қасына отырғызды да сағатына қарап: “Бес! Бастаймыз!” — деді. Зейнел жеңгей стол басынан тұрып, бірер басып жақындалап кеп:

— “Сағат бестерің” бүтіннен кейін де бола берер. Бүгін жай әңгімелесіп отырсандаршы. Тамақ дайындаым. Мертайды шақырып қойдым. Өзіміз боп біз де бір шүйіркелесейік те! — деді.

— Біздің бәйбіше де бірдеме біледі! — деді Фабен құлімдеп, ренжімесең солай-ақ болсын, Дихан!

Сейтіл ол күн екі семья бас қосумен өтті. Әнгіменің басында айтқанмын, Фабекенмен, Зейнел жеңгеймен Новосибирскіде 1937 жылы танысқамыз. Зейнел жеңгей сондағы танысуларынан бастап біздің Мертайды туған сіңлісіндей, немесе тетелес абысындаі ыстық жақын көретін. Екеуі құрметтесетін, сыйлас, сырлас, болатын. “Әйелдерін шығармасына енгізеді деп кіналаушы” достар болса, ол творчестволық адамның жаңын, жағдайын түсінбеушілік дер едім. Өйткені әрбір қаламгердің, ақын-жазушының жан серігі — әйелі. Ол сенің ең бірінші жәрдемшің. Ол өзі жазбағанымен сенің жан күйінің, шабыт сырыңың күй пернешісі. Творчестволық сезім дүниенің балгері, бірінші сыншың! Бірінші сүйенішің, күйінушің. Қажетті жерде ақылшыл кеңесшің! Шаңырағының үйтқысы, бақыты. Соның бәрінен асылы — дүниеге жаңа адам келтіріп, есіріп, тәрбиелейтін ана ғой бұлар. “Ана! Адамның анасы. Бұлар жоқ болса адам қауымы да болмас еді!” дегенді бұрынғы данышпандар тегін айтпаған.

“Ананы сыйлайық! Ананы құрметтейік!”

Мертай мен Зейнел жеңгей бұл отырыста да бізге сондай аяулы. Және екеуі де қазақ әйелдерінің әделті де көргендік мінездерін сақтай білетіндер. Мертай Фабекенді (Фабиденді) туған ағасындаі сыйлайды. Ол кісінің козінше өрескел отырып тұрмасқа, оғаш бірдене айтып қалмасқа бекінеді. Қазірде де өзін солай орынды ұстап отыр. Көбінесе Зейнел жеңгейдің асхана жақтағы шаруашылығына жәрдемдесіп, дастарқан әзірлесіп жүрді.

Фабекен екеумізде әңгіме тым тақ-түқ. Біздің сырымызды білмейтін әлдекім үстімізге келе қап, бірге отырса: “мына

екеуі бірін-бірі жақтырмайтындар ма?” деп қаларлықтай отырысымыз бар. Сөйлесер, әңгіме етер жай Фабекен екеуіміздің арамызыда тіпті көп-ақ. Басқаны қойғанда бұл кісі тындалап, мен оқып беріп жүрген (уш ай бойы) “Ақын арманы” ше? Фабекен бұл отырыста ол жәйін әңгіме еткісі келмейді. “Әр нәрсенің өз орны бар” деп біледі. Онысын менің де ішім сезулі.

Обалы нешік, Москва сапарын, ондағы жазушылар Одағының басшыларымен, ірі-ірі орыс жазушыларымен кездесулерін қыска-қысқа (телеграммалық сөздер тәрізді) айтқан-ды.

— Коркем әдебиеттің бел көтерер бойын-ойын, көркемдігі мен өрнегін, өрісін көрсететтің үлкен проза ғой. “Абай” романы бастаған қазақ прозасын мол тыныспен одақтық әдебиет әлеміне көтеріп кетіп барамыз! — деп еді Фабекен.

Мен:

— Фабеке, “Жалғыз жалау жылтылдаптың” заманы емес кой. “Абай” романы жорық басшы кеме болсын! Оған талас жок! Ал соңынан тағы-тагы кемелер шеру тартпаса, не болғаны? Қанатсыз сұнқар болмайды бар емес пе?

Бұдан соң мен қазақ әдебиетінің “Абайдан” кейін “Абайға” қанаттас, “Абайды” жан-жақты көркемдей түсетін “Ботагөзді”, “Оянған өлкені” өзінің “Шығанағын”, “Милионерін”, “Қарағандысын” атадым.

— Бүкіл кітап оқушыларының рухани қазынасына айналып отырған бұл шығармаларды етекпен бүркеп бола ма?

Фабекен үнсіз. Мен үдей түсудемін. Бұл жолы дау айттым.

— Проза мәдени өскендіктің белгісі екеніне сез жоқ. Ал, әдебиеттің атасы мен анасы тәрізді поэзияны қайда қоямыз?

Фабекен елең етіп, бетін маған бұра тындаиды.

— Прозамыздан бұрын, түу сонау жылдардың басынан бастап байтақ Отанға қанат қақсан “Майға сәлем”, “Сұлушаш”, “Тасқын”, “Мәрият Жагор қызы”, “Тараспен әңгіме”, “Алтай жүргігі”, “Абдолла”, “Біздің ауылдың қызы”, “Менің үлым” бар емес пе? Үлкен прозага осылардың үлкен әсері жоқ дей аласыз ба?

Фабекен бұл жолы да үнсіз тындаиды.

* * *

Сонымен, я, сонымен “Ақын арманының” соңғы төртінші бөлімін де бітірдік. “Uh!” — дедім тынысым кеңіп.

— Роман бар. Шыққан дүние. Ұсак-түйек қақпай-соқпайларын оку үстінде мен айтып, сен жөндеп отырдың. Сұлтанмахмұт бас геройы ғой романның. Сол бар.

Мен тағы не айтар екен деп ұнтығудамын. Аса жауапты тақырыпқа барғаным өз алдына, “Абай” романы да ақын өмірі. Абай тәрізді ұлы дана ақынның өмірі. Ал, Сұлтанмахмұт та Абайдан кейінгі ұлы ақын. Мұқаның “Абай” романынан ұлан асыр үлгі-өнеге, әсер алдым. “Ақын арманын” жазарда сол романның толқынына рахаттана жүзіп шықтым.

— Романың маған ұнаған жайы мыналар, — деді. Қызыл тысты ұзыншақ блокнотын алдына қойып, жазуларына кейде үніліп, кейде үнілмей.

— Әуелде, әдеби қадамымды мына мен де өлеңмен бастағанмын. Біздің заманның қазіргі поэзиясы пафосты, екпінді, көтерінкі рухта келеді. Ол занды құбылыс. Аспандап биқтеп, лапырып шалқып қиял қанатының қыран үшқырлығымен сілтепенеді. Өлеңдерінді сен де солай жазатын едің. “Романы” да сондай лапырмалы болар ма деп қауіп ойлад едім. Бірінші тарауынды оқытып тындағанымнан кейін басқаша пікірге келдім. Дағдылы прозаиктерше өмірді оқиғаға орап, геройларынды кәдімгі жерлік пендeler етіп, қимыл-әрекеттерін реалистік өрнекте жазыпсын. Бұл бір. Екінші ұнағаны: Мұхтардан үйрене отырып, “Абай” романындағы бұл романға да ортақ боларлық казақ даласындағы дау, жанжал, тартыс тұғызатын, әлділер басынып, әлсіздер ашынатын уақыттарды мүлде басқаша беріпсің. Айталық, медреседе қазіреттің үй қызметкері бола жүріп, төрт жыл оқып, күні ертең қазірет өзіндей қазіреттікке дайындал — үйғарып отырғанда Сұлтанмахмұттың медресесін, қазіреттен, безіп, Троицкідегі орысша оқуға кетуі — лап еткен жаңа жалын. Одан кейін Троицк. Орысша оқу. “Айқаптағы” қызметі. Ақындығы.

Ғабекен енді алдындағы журналды үстелдің үстінде қойып, құюлы стакан шайды бірер ұрттап қойып, былай деді:

— Ақындық демекші, әдебиетте ақын бейнесін шын мағынасында жасау, батыр бейнесін жасаудан жұз есе қын деп Мұхтар айтқан қағидаға мен де жүгінем. Шығарманың о жер — бұжерінде ақынның өлеңдерінен цитат келтіре берумен ақын бейнесі, ақындық бейнесі жасалмайды. Олай ету — шығармаға герой етіп отырған ақынның тұлғасын клоун тәрізді күлкі еткенің.

Ғабекен бұғін бір шешіліп, көсіліп сөйлеп отыр. Үш жарым ай оқытып тындаған Сұлтанмахмұт туралы роман

жайында, мүмкін, осылай бір ақтарыла сөйлеуі, мүмкін тіпті, әдette сонша сөзге сараң мінезінен тыс бір ауытқу шығар.

— Сұлтанмахмұттың, — деді Фабекен, — ақындық бейнесін “Қамар сұлуды” жазуы үстіндегі тебіренісімен беруің де маған қатты ұнайды.

Арада көп күндер өтті. Бір күні телефон шылдыр етті.

— Фабиден Мұстафин жолдас Сізді шақырады. Келсін дейді. Құп!

Әңгіме “Ақын арманы” туралы болмақ шығар деймін. Иә, расында солай екен.

Фабекен кеше президиум шақырып, сол мәжілісте “Ақын арманы” туралы айтты.

— Кең тынысты, реалистік өрнекте жазылған. Бірақ, Сұлтанмахмұттың саяси сүрінісі бұл кітапта жоқ. Оған жетпей біткен. Февральды Томда қарсы алудың ғана тынады. Соны азырқанбасақ бұл кітап бар, — депті.

Жұрт әрқылы толғаныста отырғанда Зейнолла Қабдолов:

— Фабеке, Сізге сенбейтін кім бар. Егер бірінші кітaby көңілдегідей жазылып шыққан болса, оны неге бөгейміз? “Война и мир” де, “Тихий Дон” да, “Абай”, “Абай жолы” да бірінші кітаптары басылудан басталмап па еді? — депті.

Президиумда бұл пікірге қарсы ешкім болмапты. Ертеңінде шақырумен барғанымда, Фабекен орнынан тұрып амандастып:

— Құттықтаймын! Романынды кеше президиумда баспаға ұсындық! — деді.

* * *

Кейін Фабекенмен тағы да талай кездесіп, әдебиет жайын кенесіп жүрдік. “Ақын арманы” кітап болып шықты. Бірінші данасын қолтаңбамды жазып Фабекенде апарып бердім.

Фабекен маған көркем әдебиеттік шығармалар шартына тән мына бір ойларын айтты.

— Көркем әдебиет деген атының өзі айтып түр ғой. “Өнер алды қызыл тіл” — халық даналығы. “Бөтен сөзben былғанса сөз арасы, ол ақынның білімсіз бишарасы” деп Абай айтқандай, білгірлікті тек поэзияға ғана, ақындарға ғана хас деп түсіну жетесіздік болмақ, керек. Прозада да “бөтен сөзben бүлінбесін сөз арасы”, “Ақын арманының” екінші кітабын жазғанда осыны есіне сақта, Дихан! — деді.

Фабекен менің өз көкірегімде де елес беріп жүрген жәйіттерді жаныма қан құйған тәжірибесі молдана дәрігерлер тәрізді сіңіріп отыр.

Here?

— Сен Сұлтанмахмұтты үш кітап етіп жазам деп жүрсің. Оның алғашқысы “Ақын арманы” туралы ақыл-кеңесімізді де, ризашылығымызды да айтқанмын. Кейінгі кітаптарында жаңағылар есінде болсын.

Бұл кездесуіміз Фабекеңнің инфаркт боп ауырып, үш ай бойы емханада жатып шыққанынан кейін болатын. Бұл жылда Фабекең “Казпотребсоюздың” демалыс үйінде, тау баурайында, тұратын. Дәрігерлер айтқан шарттарды бұл кісідегі сақтау ешкімнің қолынан келмес беріктік еді. Сол жолғы әңгімесінің аяғында:

— Сұлтанмахмұт бейнесін бар шындығымен сипаттауды шарт ет! Онсыз ақиқат жоқ. Ақиқат жоқ жерде шығарма жоқ, шындықтан тайсалма. Махмұт өзі шындығында совет үкіметін қарсы алуда еш нәрсесін жасырмадан екен ғой. Соның өзі-ак оның Сұлтанмахмұттың бейнесін беріп жатыр. Әсіреле, осы түсын батыл көркемде!

Жаңы ашыр аға жазушы менің алдымның қамын ойлады. Риза боп қайттым.

1975 жыл.

Мұхаметжан ҚАРАТАЕВ

Ұлылықтың ұлғісі

Аштық атаулы апаттың арандай бастаған кезі еді. Бұл азапқа толы әлгі бәле ауылдан қалаға көшкен 1929—30 жылдар аралығы болатын. Алматы Қазақ педагогикалық институты қыс бойы жүдеп-жадап шыққан бір топ студенттерін сол 1930 жылдың жазында Қарағандыға жөнелткенді. Шабан жүретін поезд Ақмешіт, Ақтөбе, Орынбор, Қызылжар қалаларын шарлап өтіп, қайтадан жаңа қолға алынып жатқан көмір ордасына бес күн дегенде әрең жеткені бар.

— Үніледік, жеттік, әйтеуір, Шеткі аланды тіркеліп оншақты ескі-құсқы қызыл вагон түр екен, соған орналас-тырды бізді. Айналасын қоршаған қонырқай киіз үйлер. Сұрастырсақ, онда тұратындар жақында босып келген қазақ шаруалары көрінеді. Шахталарда, қырылышта көмекшілік жұмыстарда болып, қол сәл босап қалғанда, киіз үйлерді арапап кетеміз. Құйзелген халықтың хал-жайына жанымыз ашиды.

Зар шегіп мұнын шагушылардың ішінде ерекше есте қалған бір кісінің бейнесі бүгінге дейін ұмытылмайды. Ол Сәрсен дейтін егде тартқан бойшаш сары қазақ. Салмақты да салиқалы сөйлейді. Барлық басқа төнген сұрапыл жағдайды айта келіп, сөзінің соңында бізге, студенттерге, шүйіле жөнелді: “Оқисындар, білім алам дейсіндер. Ол

жақсы-ақ. Ал оқып шыққан соң, кім боласындар, еліңе нендей пайдан тиеді? — Ел демекші, қалың қазақ еліміз ит жеген халде қазір. Осы ойымды жуырда ауылға келіп кеткен Фабиденге де айттым”. Менің сұрағыма Фабиденнің жауабы: “Оқығандар жоқ емес қой, бірақ олардың қолынан не келіп жатыр? Елін қорғамақ түгіл, ұлтшыл деген айыппен өздері қуғынға ұшырап жатыр” дегені бар. Міне бұл Фабиден Мұстафин жөнінде менің Сәрсеннен алғашқы естіген мәліметім еді. Бұдан кейін бір күні № 18 шахтадан шығып Қарағандының мекінде келдім. Цехта істейтіндер орыс, қазағы аралас, мені жылы қарсы алды да, үш күндей мастерге көмекші етіп тағайындалды. Мастер механик Нұрбай дейтін қажырлы қара торы жігіт екен. Ісіне мүқият, адал, ақ көңіл еді, маған көп нәрсе үйретті техника саласынан.

Ол әңгіме арасында өзіне үлгі етіп үстайтын адамы етіп Фабиденді жиі еске алатын. Неге десек, былтыр (1930 жылы) осы цехта Фабиден де слесарь болып жұмыс істеген көрінеді. Табанды да тағанды жас жігіт не істесе де тиянақты түрде тындырып істейтін, көп оқитын, көп үйренетін талапкер болса керек.

Естіп әлдекалай себептермен сырттай таныған Фабенді жеті жыл өткеннен кейін көзбе-көз көрдім. Бұл 1938 жылдың көктем айы еді. Бір күні ол Қазақстан Жазушылар Одағына келді. Новосибирск қаласында қазак тілінде ашылған “Қызыл ту” газетінде істейтінін айтты. Қарасам жасы әлі қырық шамасындағы ақсары, сұңғакты жігіт. Алматыға газеттің командировкасымен келіпті. Біз болсақ, аға жазушыларымыз апатқа ұшырап, енді күніміз не болады деп қиямет қыын жағдайда отырған шақта едік. Ол жөнінде көп сыр ашып сөйлесе алмадық. “Көппен көрген улы той”, қайтеміз, ақырын күтеміз де, деп маған өзінің автографымен “Ер шойын” атты кітапшасын ұсынды. Мен қазақ тіліне 1936 жылы өзім аударған М. Горькийдің “Менің университетім” повесін бердім. “Екі тілді де біледі екенсің ғой, шырақ? — деді Фабекең жымылып иегін көтере түсіп. — Жақсы білу қайда? Әсіресе әдебиет тілін, әуре ғой әшейін, — дедім мен сөл қымсынып. Содан соң ол кісі менің қайда оқығанымды, мұнда, Қазақстан Жазушылар одағына қалай келгенімді, бір-екі ауыз сөзben сұрады да, қоштасып жүріп кетті.

Осымен артқа салып, 1955 жылы Алматыға оралдым. Менімен қатар оралған Хамза Есенжанов, Өтебай Тұрманжанов, Зейін Шашкин, Сәйділ Талжанов, Хасен Үзденбаев сықылды әдебиетшілер астанада тентірең, жұмыс іздел, жатастын жай іздел жылға жуық жүрдік. Жиі баратын жеріміз —

Жазушылар одағы және оның сол кездегі бастығы Фабиден Мұстафин. Мен алғаш алдына кіріп, мән-жайды айтқанымда, ол кісі аз-кем тартынып, ойланып:

— Бізде бос орын жоқ. ЦК шешеді ғой бүл мәселені. Бардыңдар ма? Нé дейді? — деп ернін жымқырып жылы шыраймен былай деді:

— Сабыр етіндер, бір жөні келер әлі. Күн шуак атар. Сойтті де Тахауды шақырып алып: — мына Мұхаметжан жұмыссыз жүр екен. Әзірше Қасым Аманжоловтың олеңдерінің жолма-жол аудармасын бере түр — деп тапсырды. Мен оны 15 күндей аудардым. Қоп ұзамай Фабекен маған “Тынық Донды” аударуға қалайсың? — дегені бар ма. “Қашайын деп тұрган қоянға қық десе не зорлық” демекші қуанып кеттім де, “қолдан келсе, оған не жетсін” деп қалдым. Сонымен, баспа орнымен шарт жасасып Х.Есенжанов, Х.Ұзденбаев үштеуіміз “Тынық Донның” үш томын Н.Баймұхамедов бір томын аударуға кірістік. Жазушылар Одағының басшысы Фабиден Мұстафин болмаса, мұндай қыынның қыын жұмысын біз сияқты кешегі халық жауы атанған “байғұстарға” кім сенер еді? Ол ол ма, бір күні Фабекен Жазушылар Одағында мені кабинетіне шақырып алды да ертең біздің үйге шайға кел, “сьезден алған әсерімді айтып берем” дегендे, не дерімді білмей сасып қалдым. Қандай съезд? Оны үйіне барған соң білдім. Жақында Москвада өткен СОКП XXVI съезінде делегат ретінде қатысып қайтқан екен. Фабен үйінде менің тағдырлас жолдастарым түтел болды. Зейнел женгей дастарқаның жақсы жасаған. “Елімізде үлken әділетсіздік болған, — деп бастанды Фабекен өзінің дастарқан алдындағы жаңашыр сөзін. — Сіздер соның құрбанысыздар. Ат төбеліндей, тірі қалған сіздер ғана, жастар. Атышулы ағалар жоқ енді, келмеске кетті. Оған амал жоқ. Біздің мақсат — ардагер ағалардың асыл мұрасын қалпына келтіру деп білемін”. Айтқаныңдай, бір жылдан кейін, 1957 жылы сәті түсіп, мен Қазақстан мемлекеттік көркем әдебиет баспасының директоры болып тағайындалды да қызу іске кірісп қеттім. Алда, 1958 жыл қазақ әдебиетінің Москвада өтетін он күндігі. Соған дайындалу үстінде С.Сейфуллиннің, Б.Майлиппен, И.Жансугировтың тундыштарын шығаруға күш салдық. Мұның қандай ұмытпас табыс болғаны халықтан тиісті бағасын алды. Ризалықпен шынымды айтсам, менің тезбе-тез директор болуыма қосылып себепкер болған осы Фабиден Мұстафин мен Габит Мұсірепов еді.

Сол сол екен. Содан былай отыз жылға жуық ғылыми, әдебиет ортада, мерейлі, мереке жиындарда, тойларда, от басы,